

2024-2025 оқу жылындағы қосымша білім беру педагогының атқарған жұмыстарының жылдық есебі

Оқу жылының басында атқарылатын жұмыстарға жылдық жоспар жасалынып, бекітілді. Сол бойынша жыл бойы жұмыстар жасалды. Мектебімізде 14 пән бойынша 34 үйірме жұмыс жасады. Бұл үйірмемен мектептегі 225 оқушы қамтылды. Оның ішінде спорттық секциялардағы оқушы саны – 175. Ерекше білім беруді қажет ететін 11 білім алушы үйірмемен қамтылды. Оқу жылының басында спорттық секцияларға қатысатын барлық оқушылардың денсаулығы туралы анықтама алынды. Мектеп білім алушыларынан мектептен тыс 134 білім алушы спорт кешенінде волейбол, қазақша күрес, кикбоксинг түрлері бойынша спорттық секцияларға қатысса, ауыл театрында 61 білім алушы халық театры, домбыра, би, ән үйірмелеріне қатысты. Үйірмеге кесте жасалынып, жыл бойы үйірмелер жүргізіліп, түрлі сайыстарға, шығармашылық байқауларға қатысып, білім алушыларымыз жүлделі орындар иеленіп, мектептің жетістіктер қоржынын толықтыруға мол үлес қосты.

«Өлкетану» үйірмесінің мүшесі, 8-сынып оқушысы Сағынтай Гүлжайна республикалық «Яссауитану» байқауының аудандық, облыстық кезеңінің I орын иегері, республикалық кезеңнің I орын мақтау қағазының иегері атанса, аудандық «Балалар оқулары» байқауының II орын иегері атанды. 11-сынып оқушысы, «Драма» үйірмесінің мүшесі Қоспан Сая аудандық «Табиғат – сенің өз үйің» атты бейнеролик байқауының «Туған өлке табиғаты» номинациясы бойынша III орын, «Театрдың ғажайып әлемі» атты театр өнерінің республикалық фестиваль байқауының аудандық кезеңінің II орын иегері. «Волейбол» секциясының мүшесі, 11-сынып оқушысы Панабек Дидар – Қазақстан Республикасының көктемгі чемпионатында волейболдан облыстық құрамада III орын иегері. «Самұрық» пікірсайыс клубының мүшесі, 9-сынып оқушысы Оңғарбай Ақнұр – Қызылорда облысының полиция департаменті «Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының» ұйымдастыруымен өткен «Жас репортер» байқауының II орын, Аудандық «Менің Отаныма менің бастамам» атты шығармашылық жобалар байқауының I орын иеленді. Замадин Гүлназым аудандық «Ұстазыммен мақтанамын» атты шығармашылық байқаудың III орын иегері. Ертуған Жансая Аудандық «Мұғалім экран жұлдызы емес, бірақ, онсыз жұлдыз болмайды» атты мектеп киностудиясының қысқа метражды фильмдер фестивалінің II орын иегері, 10-сынып оқушысы «Драма» үйірмесінің мүшесі Өмірзақ Сағыныш «Театрдың ғажайып әлемі» атты театр өнерінің республикалық фестиваль байқауының аудандық кезеңінің II орын иегері атанса, 7-сынып оқушысы Саматұлы Нұрислам Қызылорда облысының полиция департаменті «Есірткі қылмысына қарсы іс – қимыл басқармасының» ұйымдастыруымен өткен «Жас репортер» байқауының III орын, Аудандық «Менің Отаныма менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауының III орын иегері иегері, «Ұлттық мектеп лигасы» аясында асық атудан 7-8 сынып ер балалары арасында өткен аудандық жарыстың II орын иегері атанды. «Жас сарбаз» үйірмесінің мүшесі, 11-сынып оқушысы Сағындық Мәулен аудандық және облыстық әскери қолданбалы спорт түрлерінен өткен «Жас мерген - 2023» жарысының I орын, облыстық «Айбын-2024» жарысында «АК-74» оқу қаруын толық емес бөлшектеп жинақтау сайысының I орын иегері болды. «Жас сарбаз» үйірмесінің мүшесі, 11-сынып оқушысы Оспан Ерсұңқар Ертасұлы – облыстық «Айбын-2024» жарысында «АК-74» оқу қаруын толық емес бөлшектеп жинақтау сайысының I орын, аудандық және облыстық әскери қолданбалы спорт түрлерінен өткен «Жас мерген - 2023» жарысының I орын иегері атанды. «Шебер қолдар» үйірмесінің мүшесі Мінажадин Мұхамеджан – «Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауының облыстық кезеңінде II орын иегері атанса, Құлпыбаева Ақмарал – Республикалық «Менің Отаныма – менің бастамам» атты шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінің I орын, облыстық кезеңінің III орын иегері атанды. Орыс тілі пәні бойынша «Великий, могучий русский язык» үйірмесінің мүшесі, 10- сынып оқушысы Нұрланқызы Меруерт «Ұстазыммен мақтанамын» атты шығармашылық байқауының III орын иегері және аудандық «Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауының II орын иегері ретінде танылды. 9-сынып оқушысы Нағашыбаева Әсел - «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің аудандық кезеңінде «Үздік әлеуметтік жарнама» номинациясы бойынша II орын иегері атанды. «Жас тілші» үйірмесінің мүшелері Нұралы Мадияр аудандық «Сәкен оқулары» байқауында «Сәкеннің сырлы әндері» номинациясы бойынша III орын, Аудандық «Жас Ұлан» әскери спорттық ойынында «Тарихи – іздеу зерттеу» жобасын қорғау сайысының III орын, «Саптық дайындық тәсілдері» сайысының I орын, әскери қолданбалы сайысы бойынша белтемірге тартылу бойынша

II орын және аудандық «Менің Отаныма – менің бастамам» шығармашылық жобалар байқауының Алғыс хат иегері атанса, Ұлмамбет Қолқанат аудандық «Сәкен оқулары» байқауының «Арқаның асау тұлпары» номинациясы бойынша Алғыс хат иегері болды. «Шебер қолдар» үйірмесінің мүшелері Оңғарбай Мәди аудандық «Жас суретшілердің көркем шығармаларындағы ұстаздар мен тәлімгерлер бейнесі» сурет көрмесінің I орын иегері, Молдағалиұлы Ақниет Қазалы ауданының 95 жылдығы және Шәкен Ниязбековтың туғанына 85 жыл толуына орай өткізілген аудандық «Менің ауылым» суреті байқауының «Алғыс хат», қолөнер шебері, ақын Қарайғырұлы Әжімбет бабамыздың 135 жылдығына орай «Суретті сөйлеткен қылқалам» атты аудандық қылқалам шеберлері байқауының II орын иегері атанды. «Жас мобилограф» үйірмесінің мүшесі Әділбекқызы Айзере «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің аудандық кезеңінде «Балаларға арналған ең жақсы телебағдарлама» номинациясы бойынша III орын иегері болса, Құлтыбаева Айару «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің аудандық кезеңінде «Stop Motion» номинациясы бойынша III орын иегері, «Гүлдер сыры» үйірмесінің мүшесі Балабаева Аида аудандық «Pro Eco» экологиялық жобалар байқауының II орын иегері болды. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» үйірмесінің мүшесі Оңғарбай Кәусар Республикалық «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауының аудандық кезеңінің Алғыс хат иегері атанды. «Домбыра» үйірмесінің мүшесі Қуантқан Сая аудандық «Үйірме – өнер баспалдағы» атты өнер байқауының Алғыс хат иегері атанса, Сәрсенғали Арайлым аудандық «Ақ босаға киелі – алтын ұя мектебім» атты жас әншілер байқауының III орын иегері атанды. Нұралы Әбілмансұр аудандық «Жасыл технологиялар балалар көзімен» атты байқауының Алғыс хат иегері атанса, Ерболұлы Сабыржан Республикалық «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауының аудандық кезеңінің Алғыс хат иегері, Халықжан Мәншік аудандық «Жасыл технологиялар балалар көзімен» атты байқаудың III орын иегері атанды. Мектебіміздің ер балалардан құралған «Волейбол» құрамасы /Оспан Ерсұңқар, Панабек Дидар, Тұрсынбай Нұрислам, Өмірхан Ақниет, Әбдірахманұлы Абылайхан, Алпамыс Орынбасар, Сұлтанай Ерқанат, Қалабай Олжас, Жетпісбай Жандос, Моряк Мадияр, Нұралы Мадияр, Нұралы Дидар, Абайұлы Еламан, Жаңабай Мағжан/«Ұлттық мектеп лигасы» аясында аудандық волейболдан «Шұбар доп» жарысынан 7-8 сынып оқушылары және 9-11 сынып оқушылары арасындағы іріктеу кезеңінің III орын, Ү.Түктібаев атындағы №24 орта мектептің 90 жылдық мерейтойына орай өткен, аудандық волейбол жарысының III орын, Жанқожа батырдың 250 жылдығына орай ұйымдастырылған мектеп оқушыларының аудандық XXV спартакиадасында волейболдан III орын, Жанқожа батырдың 250 жылдығына арналған мектеп оқушыларының аудандық XXV спартакиадасының бағдарламасына сәйкес волейболдан III орын иегері атанса, «Ұлттық ойындар» үйірмесінің мүшелері - Болатұлы Әлимуса – «Ұлттық ойындар – рухани байлығымыз» атты ұлттық спорттық ойын түрлерінен облыстық спартакиадада ләңгі тебу жарысының I орын, аудандық спартакиадада ләңгі тебу жарысының I орын, Серік Марғұлан - Асық атудан аудан құрамасында облыстық турнирдің III орын иегері, жекелей есепте «Үздік ойыншы» номинациясының иегері, Бахиев Мәди – «Ұлттық мектеп лигасы» аясында Асық атудан 9-11 сынып ер балалары арасындағы жарыстың II орын, «Ұлттық ойындардың » VII спартакиадасында асық атудан III орын иегері атанды.

Сонымен бірге, құрамында 20 оқушысы бар «Самұрық» пікірсайыс клубы жыл бойы жоспарға сәйкес жұмыс жасады. Жоспар бойынша 15 қарар талқыланып, суреттері мен видеосы әлеуметтік желіге жүктелді. Ақпан айында, облыс әкімінің кубогы үшін өткен аудандық дебат турнирінде Алғыс хат иеленді.

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жасауға дайындығын ұйымдастыру мақсатында және халықаралық зерттеулерге дайындығын күшейту мақсатында мектептегі 4,8,9-сынып оқушыларынан апта сайын әр түрлі пәндерден әсіресе, жаратылыстану бағытындағы пәндерден тесттік сынақтар алынып, аудандық білім бөліміне жолданып отырды.

Сонымен бірге, сыныптан тыс жүргізілетін үйірме жұмыстарының жоспарына сәйкес, Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай «Түркі жұрты тәу еткен...» тақырыбында 6-8 сынып оқушылары арасында бейнеролик байқауын ұйымдастырылды, 1223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін қалаған Деһлі Қыпшақ даласының әйгілі ұлы Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 толуына орай, 6-10 сынып оқушылары арасында оқушылар конференциясын ұйымдастырылды.

«Ұстазым – ұлағаттым, үлгі-өнегем» атты мектебіміздің ұлағатты ұстаздарымен сұхбаттасып, желіге жариялау, қабырға газетін шығарып, құттықтаулар ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Қазақстанның халық қаһарманы, партизан – жазушы, Ұлы Отан соғысының батыры Қасым Қайсеновтың 105 жылдығына орай, 8-9 сынып оқушылары арасында пневматикалық мылтық атудан жарыс ұйымдастырылды.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағарту жобасы бойынша Республика күніне орай «Туған жерім - мақтанышым» атты жазхба ақындар айтысы ұйымдастырылды.

Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына 360 жыл толуына орай «Туралықты тұғыр еткен Төле би» атты би- шешендер бейнесін сомдау арқылы қойылымдар қою сайысы /5-10-сынып оқушылары арасында/ өткізілді. «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағарту жобасы бойынша, Дүниежүзілік балалар күніне орай 5-7- сынып оқушылары арасында «Алтын сақа» олимпиадасын ұйымдастырылды.

«Тәуелсіз елдің дарабозы» атты 9-10-сынып үздіктері арасында интеллектуалды сайыс және Ақын, жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, демократ – ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай 5-7-сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Атқарылған жұмыстардың барлығы дер кезінде әлеуметтік желіге салынды.

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Жыл мұғалімі» байқауына қатысушы мұғалімдерге көмек көрсету мақсатында, «Жоба қорғау» сайыстарын жоспарлауға және сабақтарын құрастыруға көмек көрсеттім. Сонымен бірге, аудандық «Жыл мұғалімі - 2023» байқауына қатысып, Бас жүлде иеленіп, «Жылдың үздік қосымша білім беру педагогы» атандым. Осындай нәтижелі жұмыстарымызбен, биылғы оқу жылын аяқтадық.